

Халықтың нысаналы топтарын анықтау және 2012 жылы оларды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 187 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаменті Семей қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 наурызда № 5-2-157 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2013 жылғы 25 ақпандағы N 270 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 25.02.2013 N 270 қаулысымен (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Семей қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға Семей қаласы бойынша халықтың келесі нысаналы топтары анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

11) техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;

12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлға қызметінің тоқтауына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) есірткіге тәуелді және АҚТҚ-инфекциясын жұқтырған азаматтар;

14) 50 жастан асқан адамдар;

15) мектептер мен кәсіптік оқу орындарының түлектері;

16) бір де жұмыс істеушісі жоқ жанұялардың тұлғалары;

17) басым кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқытуды аяқтаған Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының қатысушылары;

18) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар жатады.

19) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар .

Ескерту. 1-тармақ 19-тармақшамен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімдігінің 2012.09.05 N 1094 қаулысымен (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

2. «Семей қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Семей қаласы әкімдігінің «Жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды уақытша жұмыспен қамтуды және олардың жұмысқа орналасуына көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. «Халықтың нысаналы топтарын анықтау және 2011 жылы оларды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2011 жылғы 11 мамырда № 5-2-144 болып тіркелген, «Семей таңы» газетінде 2011 жылғы 20 мамырдағы № 31, «Вести Семей» газетінде 2011 жылғы 20 мамырдағы № 31 жарияланған) 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 205 қаулының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары З. Р. И с а б а е в а ғ а жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

